ИСАТАЙ АУДАНЫ
АҚҚЫСТАУ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
АККИСТАУСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
ИСАТАЙСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

2022 жылғы «4» наурыз № 19
Аққыстау ауылы

«____» _____ 20____ года №_____
село Аккистау

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бабының 1 және 3-тармағы 45-тармақшасына сәйкес,

1. "22" ақпан 2022 жылғы мемлекеттік сатып алу бойынша семинар/форум/конференцияға қатысуға шақыруға сәйкес шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу «Professional Community Astana Orleu» ЖШС-мен жасалсын.

2.Мемлекеттік сатып алу бойынша құжаттар жасақтау және веб-портал арқылы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақтау жұмыстарын жүргізу қаржы-шаруашылық бөлімінің басшысы Қ.Тахаевқа тапсырылсын.

3.Осы өкімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

4.Өкім қабылданған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі **Г.Боранбаев**

«Professional Community Astana Orleu»
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
БСН 160440028233

Товарищество
с ограниченной ответственностью
«Professional Community Astana Orleu»
БИН 160440028233

Z05T5K8, Нұр-Сұлтан қаласы Бұқар жырау көшесі, 36А, т.е.б (кеңсе) 3
8 (7172) 25-33-80, 25-33-90
mail@astanaorleu.com

Z05T5K8, город Нур-Султан улица Бухар жырау, 36А, н. п. (офис) 3
8 (7172) 25-33-80, 25-33-90
mail@astanaorleu.com

Шығ. № 551-04 **«22» ақпан 2022 ж.**

Мекеме басшыларына

Құрметті басшылар!

Сіздердің назарларыңызға:

2021 жылы 15 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу, жер қойнауын пайдаланушылар мен табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуы, байланыс, автомобиль көлігі және қорғаныс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» **Заңға қол қойды**, ол 2022 жылдың 1 қаңтарында күшіне енеді. Заңда мемлекеттік сатып алу саласында елеулі өзгерістер көзделген.

Мемлекеттік сатып алу туралы Заңға негізгі өзгерістер:

1. Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен сатып алу үшін негіздерді қысқарту, мысалы, 39 – баптың 3-тармағының 42) – тармақшасын, біртекті ТЖҚ-ны 3000 еселенген АЕК-ке дейін сатып алған кезде, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер әкімдерінің аппараттары ғана қолданатын болады, 39-баптың 3-тармағының 8),19),37) тармақшалары алынып тасталды.
2. Сатып алудың жаңа тәсілдері:
   2.1. екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурс;
   2.2. негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып конкурс;
   2.3. рейтинг-балдық жүйені пайдаланумен конкурс;
   2.4. өмірлік цикл құнының есебін пайдаланатын конкурс;
   2.5. электрондық дүкен.
3. Дауларды сотқа дейін реттеу: тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган ретінде **«келісу комиссиясын»** енгізу көзделеді. Келісу комиссиясы шарт жасасудан жалтарған және Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім берушілердің өтініштерін қарау үшін тапсырыс берушілердің базасында құрылатын болады.
4. Аукционға қатысушылар арасында сөз байласуды болдырмау мақсатында аукционды өткізу дәйектілігі қайта қаралды. Бірінші кезеңде аукцион атаулары жасырылатын қатысушылар арасында өткізілетін болады. Бұл олардың арасындағы қастандық фактілерін жояды. Екінші кезеңде бағасы ең төмен болып табылатын аукционға қатысушының өтінімі қаралатын болады. Оның өтінімі сатып алу талаптарына сәйкес келген жағдайда аукцион қорытындылары аукционға қатысушылардың басқа өтінімдерін ашпай бірден қалыптастырылады.
5. БҰС тәсілі үшін шекті 8000 АЕК-ке дейін ұлғайту, БҰС тәсіліне демпингті енгізу, брендті, тауар белгісін және т.б. 1000 АЕК-ке дейін көрсету мүмкіндігі алынып

тасталды.

6. Қамтамасыз етуді электронды әмиян арқылы енгізу және т. б..

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, мемлекеттік сатып алу саласындағы маңызды өзгерістерді ескере отырып, «Professional Community Astana Orleu» ЖШС бірінші басшыларды, бас бухгалтерлерді, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру бойынша құрылымдық бөлімшелердің басшыларын, мемлекеттік сатып алу жөніндегі мамандарды, сондай-ақ барлық мүдделі тұлғаларды 2022 жылдың **3-4 наурыз** күндері Атырау қаласында**, «2022 жылдағы өзгерістерді ескере отырып, мемлекеттік сатып алу: сатып алу қызметін құқықтық реттеу, тиімді ұйымдастыру және жоспарлау»** тақырыбында өтетін 2 күндік ашық семинарға қатысуға шақырады.

Семинар 2022 жылғы мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамадағы өзекті өзгерістерді талқылау, нақты практикалық жағдайлар мен кейстер мысалында ағымдағы проблемалық мәселелерді қарау, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін күшейтуге байланысты сатып алуды дұрыс және тиімді жоспарлау, бұзушылықтардың алдын алу және қатысушылардың жауапкершілігі мәселелері қаралатын болады.

Семинардың дәріскері: Секуова Шұға Бекжігітқызы – *сарапшы-практик, сертификатталған дәріскер – ҚР Қаржы министрлігінің және Еуропалық одақтың жобасы бойынша мемлекеттік сатып алулар жөніндегі жаттықтырушы, мемлекеттік мекемелерде, орталық билік органдарында басқарушы лауазымдарда қызмет еткен, мемлекеттік сатып алулар саласында бай тәжірибеге ие.*

Семинардың тақырыбы: «2022 жылдағы өзгерістерді ескере отырып, мемлекеттік сатып алу: сатып алу қызметін құқықтық реттеу, тиімді ұйымдастыру және жоспарлау»

Семинардың өтетін күні: *2022 жылдың 3-4 наурыз күндері, Атырау қаласы. Семинар барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып өткізіледі, оқу орнына кіру "Ashyq"жобасына сәйкес жүзеге асырылады. Қатысушылар саны шектеулі.*

Өткізілетін орны: семинарға 3 күн қалғанда қосымша хабарланады. *Семинар Қазақстан аймақтарындағы эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес өткізіледі.*

Семинарға қатысу құны: бір қатысушыға ҚҚС есебінсіз **60 000 теңге***, біз ҚҚС төлеуші болып табылмаймыз.

Семинардың ұзақтығы: 18 академиялық сағат.

Оқыту қазақ тілінде жүргізіледі.

<u>Семинар құнына кіреді:</u>

- *Семинарға қатысу*
- *Үлестірме материал («Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесі», маркер, стикерлер, блокнот, қалам)*
- *Бизнес-ланч*
- *Семинарға қатысқандығы туралы атаулы сертификат*

Бонус-консультациялық сүйемелдеу 6 ай бойы, «жазбаша сұрақ-жауап» режимінде!***

Семинарға қалай қатысуға болады? Семинарға қатысу үшін төмендегі телефон нөмірлеріне қоңырау шалу арқылы өтінім беріп, келісімшарт жасау қажет:

8 (7172) 72 83 58, 8 (7172) 45 71 28, 8 (700) 520 97 67 (ішкі 101), Сіздің жеке менеджеріңіз **Жангазакова Айгерім**

Сіз өтінімді келесі e-mail-ға жібере аласыз: ao9@astanaorleu.com

Ұжымдық оқытуды ұйымдастыру бойынша (Интернет желісі арқылы нақты уақыт режимінде) келесі телефон нөміріне қоңырау шалу қажет: 8 708 425 01 44

Аталмыш ақпаратты бағдарламалардың әкімшілеріне және ведомстволық бағыныстылықтағы ұйымдарға жеткізуді сұраймыз.

Қосымша 3 бетте.

Бас директор **Б. Аширов**

Қосымша

Семинар бағдарламасы**
Тақырыбы: «2022 жылдағы өзгерістерді ескере отырып, мемлекеттік сатып алу: сатып алу қызметін құқықтық реттеу, тиімді ұйымдастыру және жоспарлау»

Негізгі мазмұны:

- Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның ерекшеліктерімен танысу, 2022 жылғы 1 қаңтардағы өзгерістерді және олардың ерекшеліктерін талқылау;
- Осы Заңның қолданылу аясы;
- Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдері, сатып алудың жаңа тәсілдерін үйрену;
- Мемлекеттік сатып алу процессі, мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын жасау, бекіту тәртібі. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- Мемлекеттік сатып алу жоспарларымен мемлекеттік сатып алу веб-порталында жұмыс істеу;
- ЖСҚ, сондай-ақ аванстық веб-порталға орналастыру бойынша талаптар;
- Қандай жағдайларда мемлекеттік сатып алудан бас тарту жүргізіледі. Мемлекеттік сатып алудан бас тарту негіздері, сондай-ақ негізсіз бас тартқаны үшін жауапкершілік;
- Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын жасау, бекіту, сондай-ақ орындау кезінде ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау;
- Заңның 6-бабында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер;
- Өнім берушіні жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізу тәртібі мен мерзімдері;;
- Келісім комиссиясының жұмысы
- Әлеуетті жеткізушілердің жекелеген санаттарын қолдау. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде 51-бапты қолдану және 1181-ҚРҮҚ орындау.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдері.

Ашық конкурс тәсілімен және Алдын ала біліктілік іріктеу арқылы конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу:

- Конкурс және конкурс түрлері, конкурстың жаңа түрлерін зерттеу;
- 22-1 бап. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы алдын ала хабарлама;
- Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу (ашық конкурс, екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып конкурс, біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс, негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып конкурс, рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып конкурс, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклінің құнын есептеуді пайдалана отырып конкурс);
- Хабарландыру жариялау, конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау;
- Қаржылық тұрақтылық;
- Алдын ала рұқсат хаттамасын қалыптастыру;
- Қайта қарау. Қорытындылау. Конкурс қорытындылары туралы хаттама. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өтпеді деп танудың негіздері мен салдары;

Алдын ала біліктілік іріктеу арқылы конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу:

- Сатып алуды жүзеге асыру жағдайлары мен тәртібі;
- Алдын ала біліктілік іріктеу арқылы конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын сатып алу түрлері;
- Өтінімдерді қарау тәртібі мен мерзімдері. Қорытындылау және жеңімпазды анықтау;
- ҚР Қаржы министрінің 31.05.2019 жылғы 521 бұйрығы.

Конкурстың жаңа түрлері:

- Негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып Конкурс, рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып конкурс, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклінің құнын есептеуді пайдалана отырып конкурс.

Аукцион тәсілімен сатып алуды жүзеге асырудың жаңа тәртібі. 2022 жылғы 1 қаңтардағы заңнамадағы өзгерістер:

- Аукцион өткізу.
- Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу;
- 2020 жылдың ерекшеліктерін ескере отырып, аукционға қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау. Аукционға қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын қалыптастыру. Бастапқы баға. Аукционды Өткізу. Аукцион қорытындылары;
- Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өтпеді деп танудың негіздері мен салдары.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу:

2022 жылғы 1 қаңтардағы өзгерістер

- Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру негіздері;
- Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу;
- Қорытынды шығару, жеңімпазды анықтау, келісім-шарт жасасу;
- Өтінімді қамтамасыз етуді енгізу және шарттың орындалуын қамтамасыз ету;;
- Стандарттарға қойылатын талаптар: ҚР СТ және МемСТ;

БІР КӨЗДЕН АЛУ ТӘСІЛІМЕН МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ.

Өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу, 39-баптың 2-тармағы:

- Өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден сатып алу тәсілі арқылы, жүзеге асыру негіздері мен жағдайлары;
- Өнім берушіні өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілі арқылы мемлекеттік сатып алуға қатысуға шақыру үшін анықтау туралы шешім. Тапсырыс беруші Өнім берушіні таңдау үшін, коммерциялық ұсыныстар беру туралы сұрау салулар жібере отырып, 18-1-қосымшаны қолдануға міндетті болатын жағдайлар;
- 18-1-қосымшаға қатысты алдағы өзгерістер;
- 17-қосымшаға сәйкес есептілікті ұсыну тәртібі мен жағдайлары;
- Бір көзден шақыру жіберу мерзімі мен тәртібі, өтінімдерді қарау, қорытынды шығару;

Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу 39-баптың 3-тармағы, 2022 жылғы 1 қаңтарға өзгеріс.

Бірінші басшының жеке жауапкершілігін енгізу

- 39-баптың 3-тармағы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу:
- Тікелей шарт жасасу үшін әлеуетті өнім берушіні айқындау туралы шешім, бұйрық және жеке жауапкершілік;;
- Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіні Заңның 39-бабы 3-тармағының 6), 7), 15), 28), 46), 50), 51), 53) және 54) тармақшалары негізінде айқындау тәртібі;
- Тікелей шарт жасасу арқылы шарт жасасу және шарттарды орындау.

Тауарлардың электрондық каталогы

- Электрондық каталог арқылы сатып алуды жүзеге асыру тәртібі;
- Шартты жасау және орындау.

38-1-бап электрондық дүкен

- Электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібі;
- Жеткізушіні анықтау және шарт жасасу.

КЕЛІСІМ ШАРТТАРДЫ ЖАСАСУДЫҢ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ, ЕСЕПТЕМЕНІ ТАПСЫРУ (43 бап).

- Мемлекеттік сатып алу туралы шарт, шарттардың нысандары. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу (электрондық шарттар жасасудың міндеттілігі);
- Электрондық шарт жасасуды міндеттемейтін жағдайлар;
- Шарт жобасын жасау, келісу, Тапсырыс беруші мен жеткізушінің қол қою мерзімдері.
- Жобаға немесе мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа өзгерістер енгізу негіздемесі;
- Келісім-шартты ұзарту, шартты бұзу, көлемге қажеттіліктерді ұлғайту немесе азайту туралы қосымша келісімдер;
- Шарт жасасудан жалтару.
- Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару (2021 жылғы 5 мамырдағы өзгерістер);
- Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың күшіне енуі;
- Шарттық міндеттемелерді орындамау, тиісінше орындамау (салдары, тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар, өсімпұлдар, шартты орындау мерзімдерін бұзғаны үшін, тұрақсыздық айыбының мөлшері, сондай-ақ өндіріп алмағаны не уақтылы төлемегені үшін жауаптылық);

ТӨЛЕМ АЛДЫНДАҒЫ ҚҰЖАТТАР

- Өнім берушінің веб-портал арқылы, шарттың орындалуы жөнінде ақпаратты беруі (Орындаған жұмыс актілері, Көрсетілген қызметтер актілері, Тауарларды қабылдау актілері, Шот-фактура);
- Тапсырыс беруші өнім берушінің актілерін қарастыру мерзімдері, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдаудан бас тарту жағдайлары;
- Тұрақсыздық айыбын актіде толтыру тәртібі;
- Есеп беру;

- Тапсырыс берушінің төлемді уақытылы өткізу бойынша шартты орындауы, жеткізілген тауарлар, көрсетілген қызметтер үшін кешіктіріп төленгендіктен тапсырыс берушінің жауапкершілігі.

Заңның 45-бабы. Жасалған шартқа өзгерістер енгізу

- 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін өзгерістер.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДАҒЫ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- Мемлекеттік сатып алу Заңнамасын бұзудың салдарлары;
- Әкімшілік және тәртіптік жауапкершілік. Төрағаға, комиссия мүшелеріне, комиссияның хатшысынаәкімшілік айыппұл салу жағдайлары және оның мөлшері;
- Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, комиссия мүшелері қандай жағдайларда әкімшілікжауапкершіліктен босатылады;
- Өнім беруші, тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алудыұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың,сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне),шешімдеріне шағым жасау.
- СЕМИНАРДЫ ТАЛДАУ. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ.

**** Коммерциялық ұсыныс келесі жағдайларда қайта қаралуы мүмкін: вендорлардың баға саясаты, ҚР салық салу шарттары және инфляция деңгейі өзгерген жағдайда, сондай-ақ бағаны қалыптастыруға әсер ететін басқа да факторларға байланысты.***

***** Семинарды ұйымдастырушы ҚР заңнамасындағы өзгерістерге және өзге де шарттарға сәйкес бағдарламаны толықтыруға және түзетуге құқылы.***

****** Консультация жұмыс күндері (дүйсенбіден жұмаға дейін) Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша 09-00-ден 18-00-ге дейін жүзеге асырылады. Оқытудан өткен тыңдаушы өз сұрақтарын толық мазмұны бар жазбаша түрде жолдайды, егер қосымшалар болса, оларды бекіту қажет, мәтін толық құрастырылуы тиіс. Сұрақ алдында тыңдаушыға ұйымның БСН, Т. А. Ж. және соңғы рет оқуға қатысқан күнін көрсетуі қажет. Сұрақтар +7 701 520 97 67 нөміріне WhatsApp мессенджері арқылы немесе info@astanaorleu.com электрондық пошта арқылы қабылданады. Жауаптар (аудио немесе жазбаша түрде) тыңдаушыға лектордың босауына қарай 3 – тен 24 сағатқа дейінгі кезеңде түседі, егер мәселенің күрделілігіне байланысты мәселені қосымша зерделеу, сондай-ақ қосымша ақпарат алу қажет болса, жауап уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінуді қоспағанда, 24-72 сағат ішінде түседі. Сатып алу рәсімдері мен өзге де іс-қимылдарды жүргізу кезінде сұрақтарды алдын ала жолдауды ұсынамыз. Жауаптардың ұсынымдық сипаты бар («Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 60-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік саясат жүргізетін, белгілі бір салада (қызмет аясында) реттеуді және басқаруды жүзеге асыратын немесе құзыретіне тиісті мәселелерді шешу жатқызылған мемлекеттік органдар не өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттіктерге сәйкес өз құзыреті шегінде нақты субъектілерге қатысты немесе нақты жағдайға қатысты нормативтік құқықтық актілерге түсіндірме бере алады).***